



Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 808 бұйрығы

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшermелері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қаржы министрінің
2023 жылғы _____
№__ бұйрықымен бекітілген

Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан

әрі – Заң) 18-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына (бұдан әрі – Ақпарат) қол жеткізу тәртібін айқындайды.

2. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпараты электрондық деректер қорына жедел санкцияланған қол жеткізу арқылы беріледі.

2-тарау. Меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратына қол жеткізуді ұсыну тәртібі

3. Ақпаратқа қол жеткізу:

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі);

Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – Үкімет);

орталық және жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті өкілді органдарға;

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға беріледі.

4. Президент Әкімшілігі, Үкімет және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Ақпаратты толық көлемде немесе меншіктің мемлекеттік мониторингі мәніне жатқызылатын жекелеген мәселелер бойынша алады.

5. Орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар оларға қатысты акциялардың мемлекеттік пакеттерін және қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын және/немесе мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыратын меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектілері бойынша толық көлемде Ақпарат алады.

6. Жергілікті өкілді органдар және жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектілеріне қатысты Ақпаратты алады.

7. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін және қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын және/немесе меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектісіне, сондай-ақ жеке меншіктегі меншіктің мемлекеттік мониторингінің объектілеріне қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асырмайтын орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар олардың құзыретіне жатқызатын мәселелердің шегінде Ақпаратты алады.

8. Президент Әкімшілігіне және Үкіметке Ақпаратты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің және Үкіметтің тапсырмаларымен көзделген жағдайларда уәкілетті орган береді.

9. Орталық атқарушы органдарға, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін

мемлекеттік органдарға меншіктің мемлекеттік мониторингі ақпаратын тиісті сұрау салудың негізінде уәкілетті орган береді.

10. Ақпарат:

1) Президент Әкімшілігіне және Үкіметке Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мерзімде, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің және Үкіметтің тапсырмаларында көзделген мерзімде;

2) орталық атқарушы органдарға, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға уәкілетті орган айқындайтын, бірақ сұрау салуды алған күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзімде ұсынылады.

11. Осы Қағидаларының 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың меншіктің мемлекеттік мониторингінің электрондық деректер қорына қол жеткізуі осы Қағидаларының 4,5,6 және 7-тармақтарында белгіленген көлемде айқындалады.

12. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің электрондық деректер қорына қол жеткізуді жүргізу мен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды уәкілетті орган жүзеге асырады.